

ӘОЖ 631.45; 631.67

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТОПЫРАҚТАРЫНЫң МҰНАЙМЕН ЛАСТАНУ СЕБЕПТЕРИ  
ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЗАРТУ ЖОЛДАРЫ**  
**С.Н. Досбергенов**

**0.0.Оспанов атындағы қазақ топырақтану және агрохимияғының зерттеу  
институты, 050060, Алматы, ал- Фараби д-лы 75в**

Батыс Қазақстан аумақтарындағы мұнай-химиялық заттармен ластанған топырақтар-дың экологиялық жағдайы жөнінде жаңа мағлұмматтар алынған және оларды тазарту жолдары қарастырылған. Топырақты тазартуда микроагза-деструкторларды қолдана отырып, агрофитомелиорациялаудың тиімділігі жоғары. Сонымен қатар, мұнай кәсіпорындарындағы топырақтарды тазартуда сорбенттерді ендірудің тиімді жолдарын тауып, оны іс жүзінде жүргізуіндің маңыздылығы ерекше. Солардың ішінде қоңыр көмірдің тазарту қабилеттілігін айта кеткен жөн.

**КІРІСПЕ**

Батыс Қазақстанның табиғи қорларын тиісті экологиялық жоспарсыз игеру топырақ жамылғысында деградациялану ошақтарының пайда болуына, ластануның артуына және тағы басқада жағымсыз экологиялық салдарларға алып келді. Каспий бойы ойпатының мұнай өндіруші алаңдарында мұнайды өндіру, сақтау, жөнелту кездерінде мұнайдың ұзақ уақыт бойы төгіліп жайылуы, сонымен қатар мұнай өндіруші кәсіп-орын-дардың сарқынды сулары үлкен қауіп төндіреді. Соңғы жылдары Каспий деңгейінің көтеріліп, кейбір мұнай кәсіпорындарын су басуы бірден-бір бірегей су қоймасының экологиялық жағдайын тым күрдемендіріп жіберді.

Каспий ойпатының барлық аумағы қазіргі кезде Оңтүстік Орал, Жалпы Сырт және Мұғаджардан жер беті суларымен ағып келетін минералдық түздардың аккумуляция ауданы болып келеді. Каспий жазығына жыл сайын ағыспен келетін барлық түздардың көлемі 385 мың тонна, оның 90 % көктем уақытына келеді [1]. Ылғанданудың жетіспеуіне және булану үрдісінің жоғары деңгейде болуына байланысты, топырақтың жоғары қабатында, әсіресе жергілікті бедердің, тақырлар мен сорлар орналасқан төмендеу жерлерінде түздар көп жиналады. Аймақтың төменгі гипсомет-

риялық орналасуы да, оны қарқынды тұздану ауданына айналдыры. Тұзды-күмбез құрылымдарымен байланысты геохимиялық үрдістер де жалпы тұздану жағдайына ез үлесін қосты.

Тұздану үрдісінің дамуы жылдан-жылға артып келеді. Бұрғы ертінділерінің төгілуі және булану ерістерге төгілетін мұнаймен бірге жыл сайын шығатын қабатты сулар, тұздану үрдістің қарқынды жүруінің, жаңа сорлар үлескілерінің және мұнай құбырларының маңайында жасанды көлдердің пайда болуының нәтижесі болып келеді. Олардың аудандары мұнаймен шығатын қабатты сулардың көлемімен және төгілетін жер пішінімен байланысты. Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер бойынша Қаратон ауылының маңындағы шағын көлемдегі сордың жыл сайынғы үлғауы келесідей: антропогендік әсерге байланысты сордың шетінен мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуінен және жер асты суларының жақын орналасуынан сор 3-5 есе ұлғайған. Сонымен топырақтардың антропогендік бүлінуі мен мұнайхимиялық ластануы, оның физика-механикалық және физикахимиялық, химиялық құрамдарын өгертіп, токсиканттардың шоғырланған ордасына айналдырады.

**ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРИ**

Зерттеу нысанына Каспий өңірінің техногенез жағдайында трансформация-

ланған топырақтары жатады. Топырақты-географиялық жағдайына байланысты бұл аймақ шөл зонасына жатады. Шөл зонасының топырақтары екіге бөлінеді. Оның бірі осы құба шөл топырағы. Ол шөл зонасының теріскейінде орналасқан, ал ашық құба топырағы аймақтың орта тұсына жайғасқан. Бұлар шөл зонасының аймақтық топырақтарына жатады. Себебі бұлар автоморфты жағдайда дамиды.

Шөлдің құба шөл топырақтары зонасында интразоналды топырақтарға шалғынды-қоңыр топырақтар, кебірлер, сортандар. Шалғындық және көлтабанды-шалғындық топырақтары кіреді. Айтарлықтай жер көлемін сорлар алып жатыр. Жас топырақтарға теңіз бойының қарапайым топырақтары мен аллювиалды-шалғынды топырақтары жатады. Топырақ жамылғысының ерекшелігі оның кешендігінде. Топырақ түзілудің негізгі факторлары олардың түздыштығында және литологиялық құрамы бойынша әркелкі төрттік теңіз шөгінділері хвалиндік және хвалиндіктен кейінгі шөгінділер болып табылады.

Оңтүстік шөл зонашасында ашық құба топырақтар жайғасқан. Олар шағылды жыныстардың элювийлерінен құралған. Бұлар жеке контур түрінде немесе шөлдік кебірлермен кешендеседі. Интразоналды топырақтарға шалғынды-қоңыр, тақыр тәрізді топырақтар, сортандар және қарапайым құм топырақтар жатады.

Мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған топырақтарда жүріп жатқан үрдістерді зерттеу үшін ластанған және ластанбаған тың жерде топырақ қазба-шүнқырлары салынды. Осы кескіндік әдістемеге сай топырақ кескінінің морфологиясы суретtelіп жазылды. Топырақтың генетикалық горизонттары бойынша химиялық және микробиологиялық тал-

дауға топырақ үлгілері алынды. Химиялық талдау топырақтану ілімінде қолданылып жүрген әдістермен орындалды. Мұнаймен ластанған топырақтардың биологиялық белсенділігін анықтау үшін салыстырмалы-географиялық және салыстырмалы-аналитикалық әдістер қолданылды. Бұл топырақтың ферменттік белсенділігінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туғызады.

#### НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Зерттелуші өнір Каспий бойы провинциясының солтүстүгіндегі құба шөл топырақты зонасында орналасқан. Топырақ жамылғысының негізін теңіз бойының шалғынды топырақтары, сортандар және кебірлермен әралуан кешендесken бірашама жоғары дамыған қоңыр топырақтар құрайды. Қарастырылып отырған аумақ түз жинақталуының сульфатты-хлоридтік топырақты-геохимиялық провинциясына жатады, себебі бұл түздардың теңіз шөгінділерінен шығуына байланысты [2]. Жер бедерінің сипатына қарай теңіз бойының және қырқалы-сорлы жазығы, Жем және Сағыз өзендерінің аңгарлары, сонымен қатар Каспий бойының қарақұмы, Бекбеке және тағы басқа құм алқаптары бөлініп шығады.

Топырақтың химиялық қасиеттерін талдау мәліметтеріне жүгінсек, оларда қарашірінді мөлшерінің басқа топырақтармен салыстырғанда жоғары еместігін, зоналды шөлдің қоңыр топырақтарының кебірлену белгілерінің көрінуін, ал теңіз бойының шалғынды топырақтары мен сортандарының кескіндерінен олардың жоғары дәрежеде түздануын көреміз. Барлық топырақтар карбонатты, сілтілі өздерінің сіңіру қабілеттілігінің төмендігімен сипатталады. 100 г. шөлдің қоңыр топырағының сіңіру сыйымдылығы 10-15 мг/экв. және оған қоса құрылымсыз. Келтірілген мәліметтер топырақтың экологиялық қызметінің антро-

погендік салмаққа қарсы буферлігінің төмендігін көрсетеді. Аймақтағы барлық мұнай өндіруші кен орындарының алаңдары мен магистралды мұнай құбырлары мұнаймен ластанған.

Каспий теңізінің солтүстік шығыс жағалауынан шығатын мұнай өзінің химиялық құрамы бойынша шайырлы, асфальтенді заттар мен құқіртті сутегінің көтерілкі дәрежесінде егінафтенді-парафиндік типіне жатады. Сонымен қатар мұнай өзінің аздаған мөлшердегі ароматтық қосылыстарымен және шамалы тұтқырлығымен ерекшеленеді. Мұнайдары құқірт мөлшері-2,0 % дейін көтеріліп, шайырлы-құқірт қышқылдық заттар-48 %, асфальтендер-6,8 % құрайды. Мұнайдары шайырдың жоғарғы мөлшері теңіз бойының тұздалған шалғынды топырақтарында орналасқан Қаратон, Қосшағыл, Тереңөзек және тағы басқа кен орындарында тіркелді. Парафиннің жоғарғы мөлшері Тәжіғали, Құлсары, Қошқар және тағы басқа кен орындарының мұнайларынан табылды. Ауаның төменгі температурасында парафин берік массаға кристалданып, асфальтендер мен шайырлы заттарды адсорбирлеп топырақта қалындығы 10-50 см және одан да артық тығыз битум қабығын түзеді. Битум қабығы ауда нашар totығады, спонтанды, микрофлораға қолайсыз, сондықтан баяу ыдырайды және топырақ кескінінде ұзақ сақталады. Сонымен қатар жоғары тығыздылығымен, ауа және өсімдік тамырларын өткізбейтін қалқа тәрізділігімен және нашар су-физикалық қасиеттерімен ерекшеленеді.

Өңірдегі мұнай өндіру технологиясы ете күрделі жағдайлармен қатарласа жүреді: үңғыма жанындағы зона мен коммуникацияларда тұз жинақталу, құралжабдықтардың коррозиясы және үңғымалардың сулануы.

Осылардың нәтижесінде құбырлар-

дың жиі-жиі жарылып бұзылуы, шикі мұнаймен минералданған пласт сularының топырақ бетіне төгіліп қоршаған аумақты мұнай химиялық ластауы және топырақ жамылғылысының тұздануы орын алады. Айдаушы станоктағы мұнайдың апаттық лықсұма түсірімі көлемі 1500-2500 м<sup>2</sup> және одан да кең көлемді қамбаларда жинақталады. Көптеген кен орындарында ішкі өндірістік және магистралдық мұнай құбырларының барлық трассаларында жиі апаттар болып тұрады.

Зерттеулерге көз жіберсек, мұнай кен орындарындағы мұнайхимиялық ластанған топырақтарда мұнайдың 22-82 см терендікке дейін сіңетінін қөрсетті. Соның ішінде теңіз бойының жазығында 45-50 см, қоңыр топырақтар мен кебірлерде орналасқан Мақат-Сағыз-Искинеде 35-40 см, сор сортандарында орналасқан Тюлюс-Мұнайлы-Қосшағылда 40-80 см аралығында ауытқиды. Топырақтың ластану қарқыны мен сініру терендігі, оның механикалық құрамына, су өткезгіштігіне және кен орнын игеру мерзіміне байланысты. Байырғы кен орындарында (Доссор, Мақат-Искине және тағы басқа) мұнай кей жерлерде 5-10 м дейін сінеді.

Мұнаймен ластанған топырақтарда олардың маңызды генетикалық көрсеткіштері бұзылады Қарашибіндінің мөлшері мен құрамы және топырақтың сініру кешеін өзгереді, азот, фосфор, калийдің жылжымағы түрлерінің мөлшері азайды, көлемдік массасы артып, құрылымы бұзылып, қеуектілігі мен аэрациясы, су өткізгіштігі мен өсімдікке сіңімді ылғалы тәмендейді.

Мұнаймен ластанған топырақтардың экологиялық-геохимиялық маңызы олардың санды-сапалық құрамымен, физика-механикалық қасиеттерімен және компоненттерінің уыттылығымен байланысты және әралуан мұнай кен орында-

рындағы мұнайларда әртүрлі болады. Зерттеулердің көрсетуіне жүгінсек, мұнай көмірсүтектерімен ластану топырақта органикалық көміртегінің байланысына, жалпы азот мөлшерінің және топырақ ерітіндісің pH артуына алып келеді. Мұнаймен ластанған топырақтарда нитрат азоты 1,3-2,0 есе аз жинақталады, ал инвертаза мен дегидрогеназаның белсенділік қарқыны төмендейді.

Табиғи факторлардың әсері, сонымен қатар мұнаймен ластанған топырақтардағы спонтанды микрофлораның тіршілік әрекеті топырақты тазартуға тым жеткіліксіз [3]. Топырақты тазарту үшін қолданылып жүрген механикалық және химиялық тәсілдер тиісті тұмділік әкелмейді.

Дүние жүзілік тәжірибе мұнаймен ластанған топырақтарды микробармен тазартудың тиімділігін дәлелдейді. "Оксидентал кимикл" (АҚШ), "Бейстриент" (Англия), "Биадетакс" (Германия) және т.б. әйгілі фирмалар мұнаймен ластанған жер бетін микробпен тазарту әдістерін қеңінен қолдануда. Мұнайды тазартуға арналған "Путидоил", "Биоструктор", "Гидробак" және т.б. жаңа препараттар жасалынды. Сонымен қатар мұнаймен ластанған топырақтарды жақсы ыдыратушылардың біріне «Биодеструктор» микробиологиялық препараты жатады. Бұл оның ендіру актісімен дәлелденеді [4]. Топырақты микробиологиялық тазарту үшін родотрин атты бактериалды препарат жасалынды. Оның құрамына мұнай және мұнай өнімдерін белсенді ыдыратушы Штамм-деструктор Rhodococcus erythropolis Ac-1339 Д және биоқоспалар кіреді. Бұлар кең көлемді тотықтырғыш белсенділігімен ерекшеленеді. Бұлар жеңіл және ауыр көмірсүтектерін, шайырлы фракцияларды, сонымен қатар сұйық битумдарды экологиялық қауіпсіз заттарға дейін ыдыратады.

Родотрин Татарстанның климаттық жағдайында өзінің жоғары тиімділігімен көзге түседі [5]. «Экойл» фирмасы мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған топырақтар мен сулардағы аборигендік микрофлоралардың ішінен ыдыратушы микробтар дақылдарын бөліп алып, рекультивациялау технологиясын жасады.

Ластанған топырақтарды қосыту оттегінің диффузиясын арттырып топырақтардағы көмірсүтектерінің концентрациясын төмендетеді. Сонымен қатар мұнаймен қаныққан топырақтардағы мұнай компоненттерінің бір қалыпты орналасуына және олардың әсер етуші беттік колемінің артуына себебін тигізеді. Нәтижесінде топырақтағы микроағзалар өсіп, көбейіп, белсенділігі артады. Биохимиялық үрдістер энергиясының артуына байланысты оңтайлы су, ауа және жылу режимдері орнайды. Топырақтың оңтайлц температурасы 20-37°C. Топырақтың биогендік элементтермен (N, P, K) қамтамасыз етілуі мұнай және мұнай өнімдерінің қарқынды ыдырауын анықтайды. Топырақта қоректік элементтердің жетіспеуін топыраққа, топырақ типіне байланысты минералдық тыңайтыштарды енгізу арқылы толықтыруға болады. Топырақтың ылғалдылығы мұнай мен өнімдерінің ыдырау қарқынына оң әсерін тигізеді. Суландырылған соң топырақтың агрехимиялық қасиеттері жақсарады. Қоректік заттардың жылжымалығы артып, микробиологиялық және ферментативтік белсенділігі жоғарылайды.

Теңіз мұнай кен орнындағы мұнаймен ластанған топырақтардың микроағзалардың саны мен биомассасына және ферментативтік бедсенділігіне тигізетін ықпалы зерттелінді. Тәжрибе нәтижесінде көз жүгіртсек 30 мл/кг мұнай концентрациясының стрестік зонасында микроағзalarдың өте-мөте жоғары өзгерістері 28

тәулік ішінде жүріп өтті. Микроағзалардың биомассасы мен санының өзгеру динамикасы үш периодтан тұрады: қысым көру (ұытты мұнай), (көбею) ластағыштарға бейімделу, салыстырмалы тұрақтылық. Қалдық мұнайдың азаюы микроағзалар санының кебеюіне байланысты. Топырақ микроорганиздерінің ферменттері мұнаймен әртүрлі әрекеттеседі. Инвертазалық белсенділігі топырақтың ластануынан соң бәсендеді, ал катализаның белсенділігі жоғарылайды. Бұл мұнайдың биодеградациялануынан тотығу-тотықсыздану реакциясы деңгейнің артуынан орын алып отыр [6, 7]. Мұнай мөлшері жоғары қоректік ортада өсетін микроағзалардың консорциумы анықталды. Бұлар салыстырмалы түрде токсиканттарға тұрақты және жоғары дәрежеде эмульгациялық қабілеттілігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар айтарлықтай дәрежеде мұнай мен мұнай өнімдерін биодеградациялады [8, 9]. Батыс Қазақстанның көптеген мұнай-газ кен орындарының топырақтарынан жаңа деструкторлаушы -штамдары белініп алынды. Каспий бойы ойпаты аумағындағы мұнай-кен өндістерінің мұнаймен ластанған және бүлінген жерлерін биологиялық рекультивациялаудың өте тиімді тәсілдері ұсынылды [10].

"Техас" компаниясы Солтустік Бозашы кен орны жағдайында мұнайлық қалдықтарды компастаудың мүмкіндігі мен тиімділігін анықтады. Компастаудың принциптері микроағзалардың бір немесе біrnеше көміртегін өзінің тіршілік әрекеті нәтижесінде бойынан шығаратын ферменттермен тотықтырып, ыдыратуға негізделген. Соңғы өнім-компасты рекультивациялайтын жерлердің топырығын жақсарту үшін қолдануға болады [11]. Сонымен отандық биопрепараттар-биодеградация үрдістерінің стимуляторлары топырақты және суды мұнай және мұнай өнімдерінен тазартуда тиімділігі

жоғары мұнай деструкторлары екенін атап өткен жөн.

Алайда микроағзалардың жаңа түрлерін өндіріске енгізу үшін микроб флорасының тіршілік әрекеттеріне әсер етуші топырақ түзілу процестерінің табиғи жағдайлары мен топырақ типтерін еске алу керек.

Қазіргі таңда Қазақстан микробиологтары бірқатар жаңа штаммдарды зерттеп, оларды беліп алып, практикада қолдануға нұсқау берді. Қемірсұтекті шикізаттарды деструкторлаушы микроағзalarдың шикі мұнайды 84-98 % дейін пайдаланады [12]. "Мұнайбак" атты жаңа микробиологиялық препарат жасалынды. Ол топырақ пен судағы мұнай өнімдерін 31-36 % дейін пайдаланады [13]. Зерттеу нәтижесіне қарағанда топырақ бетіне жайылған мұнай спонтанды микрофлораның әсерінен шайырланып, құрамының ауырлану бағытымен айтарлықтай өзгеріске түседі. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ө.О. Оспанов атындағы Қазақтопырақтанужәне агрохимия ғылыми - зерттеру институты қызыметкерлерінің жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде белініп алынған мұнай деструкторлаушы микро-организмдердің жаңа штаммдары мұнай өнімдерін тұрақты түрде пайдаланады. Әсіресе инкубациялық кезеңінің бірінші апталығында ерекше көзге түседі (1-кесте). Бұл жағдайда мұнайдада микроағзалардың эфирлік және қышқылдық типтерінің оттегі құрамды құрылымдарының өсуі байқалады. Мұны тотығу процестерінің белсенділігі дәлелдейді. Сонымен қатар ұзын тізбекті парфиндердің күрт азаюы да тіркелінді. Сонымен, белініп алынған деструкторлаушы микроағзалардың түрлері Маңғыстау-Каспий бойы аймақтарындағы мұнаймен ластанған топырақтардың биотехнологиялық негізін жасауға мүмкіндік туғызады.

Биомелиорация және мұнай қаогулянттарын қолданумен қатар тыңайт-

**1-кесте - Көмірсүтектерді деструкторлаушы микроағзалардың мұнай-пайдалану мөлшері**

Микроағзалардың түрлері	Мұнай кен орындары	Мұнайды орташа пайдалануы, %		
		инкубациялану мерзімі, тәулік		
		1	2	3
Mycobacterium	Қаратон	19,76	39,03	49,21
Mycobacterium	Теніз	28,41	39,05	48,18
Mycobacterium	Құлсары	32,02	55,02	71,92
Mycobacterium	Досмұхамед	17,90	36,83	59,93
Mycobacterium	Қошқар	20,98	42,32	70,96
Mycobacterium	Тюлюс	24,88	39,87	60,14
Pseudomonas	Құлсары	16,70	34,92	54,56
Pseudomonas	Теніз	17,56	33,16	48,23
Bacillus	Прорва	24,54	33,81	63,81

қыштар мен суару аясында жергілікті жағдайға бейнмелеген өсімдік түрлерімен фитомелиорациялау (жусан, изен, қараматау, жантак және т.б.) топырақтағы көмірсүтектерді трансформациялауға кеңінен жол ашады. Нәтижесінде мұнай кәсіпорындарындағы топырақ жабынының өнімділігін қалпына келтіріп, тазалау

жұмыстарын тиімді жүргізуге жол ашылады (2-кесте). Мұнаймен ластанған топырақтарды тазалаудың фитомелиорациялық және микробиологиялық әдістерімен қатар, мұнай өндіруші кәсінорындарда табиғи және жасанды мұнай сорбенттерін жете зерттеп, енгізуінді маңызы зор.

**2-кесте - Қарашығанақ кен орнындағы мұнаймен ластанған топырақтардың биологиялық белсенділігіне биомелиорацияның тиғизетін ықпалы [14]**

Тәжірибе нұсқалары	Ферменттік белсенділігі			Топырақтың тыныстауы	Дақылдар түсімділігі, ц/га
	инвертаза	уреаза	катараза		
Түйежоңышқа аралас арпа егістігі					
Ббақылау (тыңайтқышсыз)	9,5	1,27	13,8	12,3	7,97
Көң 40 т/га	15,2	4,08	14,3	18,4	11,87
NPK, 40 т көңге эквивалентті	14,4	3,83	10,5	20,1	17,07
NPK, 20 т көңге эквивалентті	12,6	2,4	16,1	16,5	15,95
Ерекекшөп аралас жоңышқа егістігі					
бақылау (тыңайтқышсыз)	12,3	1,78	12,6	15,6	3,10
Көң 40 т/га	15,9	3,57	16,9	26,2	5,15
NPK, 20 т көңге эквивалентті	13,8	2,87	12,0	20,8	6,30

Гумин қышқылдарына бай қоңыр көмір мұнаймен ластанған топырақтың әлі де толық қалыптаспаған перспективалық мелиоранттары ретінде бола алады. Бұл бір мезгілде токсиканттардың тиімді сорбенті болуымен қатар топырақтың көміргуминдік тыңайтқыштары да болады. Қазақстандағы қоңыр көмірдің қоры іс жүзінде шексіз десе де болады. Қоңыр көмірдегі гидролизденбейтін қалдық(гумин) пен кальций гуматтарының жоғарғы пайыздылығы органикалық және минералдық тыңайтқыштар енгізіп, жақсы аэрациялау мен суландыру жағдайында шөл топырақтарының құнарлығын арттырады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Мұнай кәсіпшілігі аумағындағы топырақ жамылғысының жағдайлары толығымен алғанда қолайсыз. Мұнай кәсіпшілігі орналасқан аумақта мұнайхимиялық ластану ошақтары тақташалық сарқынды сулармен тұздану, .газдардан факелдік ластану тіркелінген. Ластаушы химиялық заттарға күкірт, азот тотықтары, күкіртті сутек, меркаптандар, хлоридтер, сульфаттар, ауыр металдар т. б. жатады. Мұнайхимиялық ластанушылар топырақ кескініне сіңгенде, оның химиялық жағдайы мен заттар миграциясы өзгереді және су-аяу режимдерін, құрылымдық жағдайлары мен көмір-азот баланстарын бұзады. Сонымен қатар әртүрлі химиялық заттар жеткізеді. Өте күшті минералданған ақаба және грунт суларының әсерінен топырақ массасы дисперга-

цияланады. Қөлемдік массасы артып, топырақ құрылымдары бұзылады.

Мұнай мен мұнай өнімдерімен ластанған топырақтар мен сулардағы аборигендік микрофлоралардың ішінен тотықтыруши микробтар дақылдарын бөліп алып, рекультивациялау технологиясын жасау керек. Ластанған топырақтарды қосыстып оны биогендік элементтермен қамтамасыз ету қажет. Топырақтың ылғалдылығы мұнай мен мұнай өнімдерінің ыдырау қарқынына оң әсерін тигізеді. Топырақтардың агрехимиялық қасиеттері жақсарып көректік заттардың жылжымалығы артып микробиологиялық және ферментативтік белсенділігі жоғарылады. Өндіріске биологиялық рекультивациялаудың өте тиімді тәсілдерін ұсынған жөн. Мұнай қалдықтарын компостаудың мүмкінділігі мен тиімділігіне баса назар аудару қажет. Мұнаймен ластанған топырақтарды тазартудың фитомелиорациялық және микробиологиялық әдістерімен қатар, мұнай өндіруші кәсіпорындарда табиғи және жасанды мұнай сорбенттерін жете зерттеп, енгізуіндегі маңызы зор. Мұнаймен ластанған топырақтардың әлі де толық қалыптаспаған перспективтік мелиоранттары ретінде гумин қышқылдарына бай қоңыр көмір бола алады. Бұл бір мезгілде токсиканттардың тиімді сорбенттері болумен қатар топырақтардың көміргуминдік тыңайтқыштары да бола алады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сотников А.В. и др. Западный Казахстан //Гидрогеология СССР. Под ред. Сидоренко А.В. М.: Наука.1971. С. 26-34.
2. Боровский В.М. Формирование засоленных почв и галогеохимические провинции Казахстана. Алма-Ата. 1982. 254 с.
3. Ауэзова О.Н., Алиева Р.М., Недоводиева Т.Н., Петрова Т.К. Микробиологическое изучение нефтезагрязненных почв Прикаспийской низменности // Изв. АН КазССР. Сер. биол. 1990. №6. С. 54-58.

4. Матвеев М.В. Экономические аспекты применения микробиологических препаратов серии «Биодеструктор» для очистки загрязнений нефтью// Экономика природопользования: ОИ/ВИНИТИ. 2001. №3. С. 36-40.
5. Ягафарова Г.Г., Хлесткин Р.Н., Брахнина В.Б., Ягафаров И.Р. Испытания биопрепарата родотрин для ликвидации нефтяных загрязнений на территории Татарстана // Нефтепереработка и нефтехимия. 1998. №7. С.21-23.
- Есенбаева Г.А., Фоломеева О.В., Мукашева Т.Д., Шигаева М.Х. Скринг активных штаммов дрожжей деструкторов-углеводородов для очистки нефтезагрязненных почв //Академик К.И. Сатпаев и его роль в развитии науки, образования и индустрии в Казахстане: Тр. Междунар, симп., посвящ. 100-летию со дня рожд. К.И. Сатпаева. Ч. 1. Алматы: КазНТУ.1999. С. 278-280.
7. Шигаева М.Х., Мукашева Т.Д., Атемова Г.Т. Влияние стрессовых концентраций нефти на биологическую активность почвы // Вестн. КазГУ. Сер. эколог. №4. С. 152-158.
8. Шигаева М.Х., Мукашева Т.Д. Скринг микроорганизмов, адаптированных к высоким концентрациям сырой нефти // Промышленная экология и охрана водных экосистем: Матер. Научн- прак. конф.. Алматы. 1997. С. 62-68.
9. Шигаева М.Х., Мукашева Т.Д., Малютина А.П. Рост дрожжей на средах, содержащих нефть и нефтепродукты // Вестн. КазГУ. Сер. эколог. 1998. № 4. С. 93-94.
10. Кан В.М., Асанбаев И.К., Аузэзова О.Н. Исследование микроорганизмов-деструкторов для очистки нефтезагрязненных почв Западного Казахстана //АНТОК СНГ: Юбил.науч-практ. Конф. Москва. 21-23июня 2001 М.: С. 53-54.
11. Токтарбекова Ж.К. Пилотный проект компостирования нефесодержащих отходов // Нефт и газ. 2000. № 3. С. 119-120.
12. Кvasников Е.И., Ключникова Т.М. Микроорганизмы деструкторы нефти в водных бассейнах. Киев. 1961. 132 с.
13. Файзуллина Э.Р., Шилова Н.К., Алиева Р.М., Бирюкова Л.А. Микробиологическое окисление нефти и нефтепродуктов углеродно-окисляющими бактериями, входящими в состав препаратами «Мунайбак» // Изв. НАН РК. Сер. биол. 1995. С. 64-68.
14. Тазабекова Е.Т. Ферментативная активность почв Республики Казахстан и пути ее регулирования // Автореф. докт. дис. Алматы. 1995. 38 с.

#### РЕЗЮМЕ

Получены новые сведения об экологических условиях почвообразования и характера нефтехимических загрязнений на нефтеперерабатывающих площадях Западного Казахстана и пути их реабилитации. Перспективными являются методы агрофитомелиорации, использование микроорганизмов-деструкторов, разработка и внедрение на нефтепромыслах эффективных сорбентов нефти, в том числе бурых углей

#### SUMMARY

New data on environmental conditions of soil formation and the nature of petrochemical pollution in oil processing areas in Western Kazakhstan and ways of rehabilitation have been obtained. Agro-phytomelioration methods, use of microorganisms-destructors, development and implementation of the effective oil sorbents on the oil fields, including brown coal, are perspective ones.